

"Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 35 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 сәуірде № 6261 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 79 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 05.05.2016 № 79 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының ұлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 410 Жарлығына сәйкес Мендіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Мендіқара ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері бойынша орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

B. Ионенко

Әкімдіктің
2016 жылғы 4 наурыздағы
№ 35 қаулысымен бекітілген

"Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

Мендіқара ауданы мен шынықтыру және спорт бөлімінің "Мендіқара аудандық балалар - жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111300, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Боровское ауылы, Королев көшесі, 5.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Мендіқара ауданының мен шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Мендікара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: "Мендікара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың функциясын жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) дене шынықтыру мен спорты насихаттауды жүзеге асыру;
- 2) дене шынықтыру мен спорты қолдау және ынталандыру;
- 3) заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді іске асыру.

16. Функциялары:

- 1) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін іске асыру;
- 2) аудан аумағында спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу ді үйымдастыру;
- 3) әртүрлі спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз ету;
- 4) Мендікара ауданының аумағында бұқаралық спорты және ұлттық спорт түрлерін дамыту;
- 5) аудан аумағында дене шынықтыру-спорт үйымдарының қызметін үйлестіру;
- 6) "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметін көрсету;
- 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 8) заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ведомстволардың функциялары:

- 1) спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін спортшыны даярлаудың оқу-жаттығу процесін және оның жарыстастық қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

2) жасөспірімдер және балалар арасында дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбиелік жұмысын өткізу.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды іске асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау, сондай-ақ оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

21. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;

2) "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға бағытталған шараларды қабылдайды, жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылданбағаны үшін жеке жауапкершілікті алады;

3) "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды;

4) бұйрықтар шығарады;

5) заңнамамен белгіленген тәртіpte "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындейды және босатады, тәртіптік жаза қолданады және ыңталандыру шараларын қабылдайды;

6) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге

асырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды іске асырады.

"Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

22. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Мендіқара ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Мендіқара ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мендіқара аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК